

РЕСЕЙ МЕН БЕЛОРУССИЯ АРАСЫНДАҒЫ МҰНАЙ КОНФЛИКТІ

Мұқанқызы Аяжан

Ayazhan.mukan11@mail.ru

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»
кафедрасының 2 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Мұнай – нағыз байлықтың көзі, өте икемді, тиімді табиғат сыйы. Бірақтан, әр мемлекет оған ие емес. Өз кезегінде мұнайға бай және мұнай қоры жоқ мемлекеттер бар. Бүгінгі жағдайда дәл солай. Мұнайға ие мемлекеттер өзге мемлекеттер алдында қатарлы басымдыққа ие. Бүгінгі таңда көптеген өнім дәл осы мұнай қоспасынан жасалады, тіпті бізді қоршаған өнімнің 95% жуығында мұнай қоспасы бар десем, қателеспеген болар едім. Сол секілді, мұнайы жоқ мемлекеттер мұнайға зәру. Ал, мұнай сатушы мемлекеттер өз кезегінде өзгелеріне қарағанда белгілі дәрежеде басымдыққа ие. Мұнай- жай ғана ресурс емес, бүгінгі таңда кез-келген мемлекеттің экономикасының дамуының алғышарты, байлық көзі табылады.

Бұл конфликт барысында мұнайға ие мемлекет ол бізде Ресей болып табылады, ал мұнайға зәру мемлекет ол Белоруссия. Екі мемлекет арасындағы келіссөз барысында орындалмаған келісімдердің арқасында қайшылықтар пайда болды. Соның әсерінен Белоруссия біраз уақытқа мұнайсыз қалды десек те болады.

Бұл келіссөз 2019 жылдың 30-31 желтоқсанында орын алды, екіжақтың келіспеушілігінің әсерінен А.Г. Лукашенко Балтық теңізі маңынан мұнай тасуға бекініп, Дружба тасымал магистралін іске қосатын болды. Ал, Ресей өз кезегінде Белоруссияға жіберілу керек мұнайдың орнына компенсация төлеуге мәжбүр болды.

Белоруссия үшін мұнай, өзге де елдерге сияқты ең маңызды ресурстардың бірі болып табылады. Белоруссия жыл сайын өз қажеттіліктерінен 7-8 млн т-ға жуық мұнай жұмсайды. 2020 жылға 24 млн т мұнайды өндіріске айналдыру жоспарланып отырған. Белоруссия ЕО елдері ішінде мұнай өнімдерін өндіру арқылы және сату арқылы 2018 жылы 12,8 млрд АҚШ долларына ие болған. Ал, өздері ол мұнайды 6,8 млрд АҚШ долларын сатып алған. РБ қаржы министрлігінің мәлімдемелеріне сүйенер болсақ мұнай кнімдерін кндіріп сатудан түскен қаржы Белоруссия республикасының кірісінің 10% құраған 2018 жылы.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ресей Белоруссияға мұнай тасымалдауды доғарды, бірақта өз кезегінде Белоруссия транзиттік мемлекет ретінде қолдануды жалғастырды. Осы уақыт аралағында Ресей мұнайы Еуропа елдеріне Белоруссия арқылы тікелей тасымалдануын тоқтатқан емес. Ал, өз кезегінде Белоруссия өнеркәсіптері 2019 жылдан қалған қалдық мұнайды қолданды.

Бірінші кезекте көмекке Латвия келді. Жылына 3 млн т мұнай тасымалдай алатынын мәлімдеді. Бірақтан, Белоруссия бұл мөлшерді аз көрді. Осы келіссөздерден соң, мұнай сатып алуға бірқатар мұнай өндіруші елдерге ұсыныс жіберді. Олардың қатарына Украина, Польша, Балтық маңы елдері, Қазақстан, Азербайджан кірді. Латвиямен келіссөздер жүргізілді, бірақта жүргізілген келіссөздер нәтижесіз аяқталды. Оған бірқатар себептер бар еді, біріншісі тасымалдаушы құбырлардың тек ғана жылына 3 млн т тасымалдай алуы, ал, өз кезегінде

Белоруссияға 24 млн т жылына қажет еді. Сол себепті, Латвия тек альтернативті бағыттардың бірі ретінде қалды.

Қазіргі таңда бұл мәселе Белоруссия, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Армения кіретін ЕАЭС-тің бақылауында болып табылады. Осы кезекте Белоруссияға мұнайды жеткізу үшін Украина, Азербайжан, Польша, Қазақстанның ұсыныс тастауы болды. Бірақ та, бұл жайлы әлі толық қабылданған ақпарат жоқ. Осы 2020 жылдың басынан бері бұл мәселені шешу жолында көптеген келіссөздер жүргізілді: Солардың бірі Латвияның өз мұнайын Белоруссияға ұсынуы болды. Бірақ та, бұл тұста белоруссия Латвияға ол мұнай жеткіліксіз, бағасы қолайсыз, қысқаша айтқанда Белоруссия үшін тиімсіз екенін алға тартты. Өз кезегінде Польша, Латвияға АҚШ тарапынан басымдық түсуде.

Осы тұста әр мемлекеттің өзіне және ұстанған мүдделеріне тоқталар болсақ:

АҚШ және Ресей байланысы, қызығушылықтары

АҚШ әлемдік держава және өз билігінің астында барлығын жинақтағысы келетіндей.

Осы кезекте АҚШ пенен Ресей арасындағы тарих сахнасынан бері, әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан бақталастықты айта кеткен жөн болар. АҚШ экономикалық, технологиялық тұрғыдан Ресейден басым түссе, Ресей табиғи қазба байлықтарының арқасында алға шығады. Оның үстіне Ресей әлі күнге дейін Евразия континентінде, оның ішінде КСРО құрамында болған мемлекеттер тарапына өз билігін жүргізуге тырысады. Бұл тұста сол себепті қақтығыс тікелей Белоруссия мен ресей арасында жүріп жатыр деп айту қиынға соғады. Оның үстіне қазіргі таңдағы алатын позицияларына тоқтар болсақ, екі мемлекетте лидерлік позицияларға ие. Оның үстіне әлемдік ұйымдарда кезекті лидерлік позицияларға ие десек те болады. Соның бірі НАТО, жоғары да айта кеткенімдей Польша және Латвия, көбіне АҚШ—тың қызығушылықтарына сай іс атқарады, дәл осы тұста да. Дәл осы мемлекеттер, Яғни Польша, Латвия, АҚШ НАТО мүшелері. Ал, келесі кезекте Ресей мен АҚШ —тың әлемдік лидерлігін айшықтайтын мәселе БҰҰ-ның қауіпсіздік комитетінің тұрақты мүшелері болуы болып табылады. Осы тұста айта кететін тағы бір негізгі мәселелердің бірі Ресейдің де өз айналасына дәл осындай мемлекеттер бірлестігін жинақтауға тырысуы. Оның дәлелі ретінде біз ЕАЭС және ШЫҰ айта аламыз. ЕАЭС мүшелері бұрынғы КСРО құрамында болған Қырғызстан, Қазақстан, Ресей сынды елдер. Ал, ШЫҰ-на тағы да Қазақстан, Қырғызстан, Индия, Пакистан, ҚХР, Таджикистан, Өзбекстан мемлекеттері. Бұған қарап біз нені байқамыз? Әр мемлекет, соның ішінде АҚШ пен Ресей өз аумағында монополия құруға ұмтылуда, ал АҚШ ендігі кезекте өз қарамағына Евразияны алмақшы, бірақ бұл тұста оған Ресей қарсылық білдіруде. Одан бөлек екі ел арасындағы, яғни АҚШ пен Ресей арасындағы болған конфликт Северный поток1 және 2 –ні де еске түсіргеніміз жөн болар.

Осы уақыт аралығында ОПЕК-ке мүше Сауд Аравиясын мұнай сатып алуға келісімге келді, Ресейден газдың және мұнайдың бағасының түсірілуін сұрады, бірақ Ресей бұл сұранысты қабыл алмады. Белоруссия өз кезегінде мұнай тасымалдаушы елдерге тиімдірек болу үшін өз еліне экспортталатын мұнайға және мұнайдан жасалған тауарларға деген салықты 90% азайтты. Екіжақты келіссөздер жүргізілді, соның нәтижесінде алдыңғы айда кезекті шешімдер қабылданды, Ресей өзінің салықтық маневрі үшін төлем дасайтын болды, жіне газ бен мұнайға бағаны төмендетті. Бірақ, бағаның төмендеуі 2021 жылдан басталады. Сол себепті, әлі толық шешілді деп айта алмаймыз. Ал. Осы уақыт ішінде Белоруссия ЖІӨ –ні түсті, экономикалық тұрғыдан әлсіреді. Осы орын алған өзгерістер нәтижесінде АҚШ белоруссия нарықтық емес экономикалы мемлекет ретінде таныды. Ал бұл Белоруссияның ДСҰ ға кіруіне күмәнсіз септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.«Нефтяная война» Москвы и Минска / [Электрондық ресурс] URL: <https://www.dw.com/ru>
- 2.«Нефтяной конфликт между Россией и Беларуссией» / [Электрондық ресурс] URL: https://ria.ru/russia_neft_belorussia_conflict_100107/
- 3.«Россия, Белоруссия и нефть» <https://dprom.online/oilngas/rossiya-belorussiya-i-neft/>